

«Алаштың сөнбес жұлдызы»

13.09.2024 жыл №113 Қаракөл орта мектебінде «Алаштың сөнбес жұлдызы» атты 5-11 сынып оқушылары арасында жыр мүшәйрасы өтті. Мақсаты: М.Жұмабаевтың 130 жылдығына орай, ақынның шығармалары арқылы оқырмандардың әдебиетке деген қызығушылықтарын ояту, сөйлеу мәдениетін, ойлау шеберлігін дамыту. Оқушыларымыз ақынның “Мен жастарға сенемін”, “Сағындым”, “Түркістан”, “Қазағым” өлеңдерін жатқа айтып, “Сен сұлу” әнін орындады.

#сыр_ұландары

#Кітап_оқы_ойға_тоқы_Жас_Ұлан

#113Қаракөл Орта Мектебі



<https://www.facebook.com/share/v/1BndkK8gbA/?mibextid=wwXIfr>

Мектеп тәлімгері: Н.Амангелдиева

№113 Қаракөл орта мектебі

«Сөз сұлтаны-Сұлтанмахмұт»

(танымдық сағат)

Тәлімгер: Н.Г.Амангелдиева

2024-2025 оқу жылы

«Сөз сұлтаны – Сұлтанмахмұт» танымдық сағат

Күні: 16.09.2024ж

Поэзия кешінің мақсаты: Қазақтың көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі және шығармашылығымен танысу, бүгінгі жас ұрпақ та үлгі – өнеге тұтып, болашақта ел-жұртының есті азаматы болып қалыптасуына ықпал ету.

Кештің көрнекілігі:

Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналған слайд, ақынның шығармасы мен өміріне арналған көрме.

Жүргізуші:

Армысыздар құрметті оқырмандар!

Бүгінгі біздің шарамыз Елбасының «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру жолында «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында «Сөз сұлтаны – Сұлтанмахмұт» атты поэзия кеші өткізіледі.

XI ғасыр мен XX ғасыр тоғысында әдебиет әлеміне тың ой әкелген бірнеше біртуар тұлғалар бар. Олар шығармаларының тақырыптық маңыздылығымен, көркемдік шешімдерімен, жанрлық ерекшеліктерімен дараланады. Қазақ халқының рухын аспандата келген оптимистік көзқарастағы ақын – жазушылар көші Сұлтанмахмұт Торайғыровтан басталады. С. Торайғыров – халқымыздың ой тілегін білдіріп, көзін надандықтан ашуды арман еткен. Ақын өз атынан сөйлей отырып, сол дәуірдегі ұрпақтың мұрат – мақсатын, арман – аңсарын жырға қосады. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы, аса көрнекті ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 28 қазанда Көкшетау облысының Қызылту ауданында туған. Екі жасында шешеден жетім қалған Сұлтанмахмұттың балалық шағы Баянауылда өтеді. Алты жасында – хат таныған Сұлтанмахмұт 1908 жылы Баянауылда Әбдірахман молданың медресесінде екі – үш жыл, 1911 жылы жаңаша оқыған Нұрғали деген мұғалімнен бір қыс оқиды. Пән негіздерін үйреніп, білімге деген ынтасы артқан Сұлтанмахмұт одан әрі оқуын жалғастыру арманына жете алмайды. Троицк, Семей, Томск сияқты ірі қалаларға барып оқуын жалғастыруға ниеттенсе де, қамқоршысы мен қаржының жоқтығынан, тұрмыстың қиыншылығынан ол мақсаты орындалмайды. Бірақ оптимист Сұлтанмахмұт өз бетімен ізденіп көп оқыды, ғылымның әралуан саласынан хабардар болды, сөйтіп заманының оқымысты жастарының біріне айналды. Сұлтанмахмұт Торайғыров жасында жабысқан дерт кеселінен 27 жасында қайтыс болды. Аз жасағанына қарамай, ол қазақ поэзиясы мен прозасын жаңа сатыға көтеріп кетті. Реалист – ақын XX ғасырдың әдебиетінде жаңа жанрлар туғызды, роман жанрының, реалистік поэманың қалыптасуына әсер етті.

Интернет желісі арқылы интерактивті тақтадан С. Торайғыров өмірі мен шығармашылығына арналған бейнебаян жүріп жатады. (слайд)

Жүргізуші: «Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңінің шығу тарихын толығымен таныстыру. Бұл өлеңді ақын өзінің ұстазы Нұрғалиға

арнаған. Өзінің досы, туысы Шайбай Аймановқа хат арқылы жолдаған. Өлең 1913 жылы жазылып, 1922 жылы Қазан қаласында «Адасқан өмір» кітабында жарияланған. С. Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам, адам болып» өлеңіндегі лирикалық қаһарман – ақынның өзі, яғни ақынның тұлғасы танылып тұр. Лирикалық шығармаларда ақын тұлғасы өлең кейіпкерімен тұтасып, кірігіп кетеді. Ақын өз атынан сөйлей отырып, сол дәуірдегі ұрпақтың мұрат – мақсатын, арман – аңсарын, сезім – күйін жырға қосады. Өлеңді оқушыларға мәнерлеп айтып береді.

1 оқушы:

«Шығамын тірі болсам адам болып»

Шығамын тірі болсам адам болып,
Жүрмеймін бұл дүниеде жаман болып,
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп надан болып.

Мен балаң, жарық күннен сәуле құған,
Алуға, күнді барып, белді буған.
Жұлдыз болып көмеймін елдің бетін.
Болмасам толған айдай балқып туған.

Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,
Ойында оты барлар асылық демес.
Тебем деп, тірі болсам надандықты,
Серт етіп, өз-өзіме еткем егес.

2 оқушы:

«Мен қазақ»

Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға «алаш» деген атты аламын.
Сүйгенім – қазақ өмірі, өзім – қазақ,
Мен неге қазақтыңтан сақтанамын?!

Ерікті ен даланың құсынша ұшып,
Ер жеттім кеңшілікті сүтін ішіп.
... Алтай, Ертіс Сырдария, Есіл, Жайық,
Арасын қоныс қылдым ірге жайып.
Елім, жерім, қорғайтын ерім болып,
Ер жеттім ен далада лықа байып.

Ер Түрік ұрпағымын даңқы кеткен,
Бір кезде Еуропанды тітіреткен.
Кіргені есік, шыққаны тесік болып,
Күнбатыс, Күншығысқа әмірі жеткен.

Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға «алаш» деген атты аламын.
Сүйгенім – қазақ өмірі, өзім – қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын!

3оқушы:

Сүйдіріп, жүрегімді тартқан менің,
Сарыарқа, Сарыдала – туған жерім.
Көк күмбездің астында көк масаты
Сәулемен алтындаған сары белім.

Кең дала, шаңсыз ауа, таза қоныс,
Исі аңқып, бетім сүйген самал желім.
Кіндік болып, мал менен жанды өсірген,
Жаз жайлау, күзгі күзек, қысқы тебін.

4оқушы:

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім
Шыр етіп жерге түскен минутімнен
Құлағыма сіңірген таныс үнім.

Сол тілмен шешем мені әлдилеген,
Еркелеткен, «құлыным», «жаным» деген
Сол тілменен бірінші білгізілген:
«Ана» деген сүйгендік сөз әм менен

Қылжықтап, алып қашып құрбы бөркін
Сол тілменен ойнадым далада еркін
Сол тілменен бірінші сыртқа шығып
Өмірде ен далада ұққан көркім.

5оқушы:

«Бір адамға» өлеңі.

Бір үйде жиюлы екен қазына мал,
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:
«Бұрынғы атамызға сыйға берген,
Біздерде мынадай бар, мынадай бар?...»

Ол рас, аталарың шенге алыпты,
Арзан қып, қымбат емес, кемге алыпты.
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын,
Оқа, түйме, сылдырлақ, теңге алыпты!

Суреттер және көрдім жүзі жарқын,
Ойладым: «Оңдырған – ау, баққан халқын!»
Соншама құны толық бұлды түйме,
Артында қалдырмас па жақсы даңқын?

Дедім мен: «Құтты болсын шекпеніңіз,
Артқыға қандай егін еккеніңіз?
Жусақ та денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз».

Көргенде күміс кесе, алтын аяқ,
Бір сөзді тамағына қойдым таяп:
«Қай момынның малы бар бұл аяқта?»
Демейінше болмады, қарап жай – ақ!

Отырдым, көрсем жекіп тастар ма деп,
Шал айтты: «Көріңіздер, жасқанба!» деп,
Кесені қолыма алып қарай бердім:
«Ішінде нақақ көзден жас бар ма?» деп.

Жүргізуші: «Сөз сұлтаны – Сұлтанмахмұт» атты кітап көрмесі
ұйымдастырылып, көрмеге шолу жасайды.

Жүргізуші: Қазақ поэзиясының биігіне өрмелеп шыққан ақын ол –
Сұлтанмахмұт Торайғыров. Абайдан кейінгі ұлы ақындардың бірі. Ұлт үшін
күрескен қайраткер. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы елімізді, ең алдымен,
мәдени мұрамызбен, шығармашылық әлеуетімізбен ілгерілетуге үндейді.
Сұлтанмахмұт Торайғыров ұлттық идеяның жыршысы. Қай кезді алып
қарасаң да, қоғамның қозғаушы күші жастар болып табылады. Сұлтанмахмұт
жастық жігерімен, патриоттық жырларымен жастарға үлгі болады.
Өлеңдерінде жастарды оқу-білімге шақырды. Демек, бүгін де, болашақта да
елеулі өзгерістердің орын алуы – жастардың қолында.

СӨЗ СҰЛТАНЫ-С.ТОРАЙҒЫРОВ

№113 Қаракөл орта мектебінде "Кітап оқы, ойға тоқы, Жас ұлан" жылдық жоспарына сәйкес Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жыл толуына орай мектеп тәлімгері Н.Амангелдиеваның ұйымдастыруымен "Сөз сұлтаны-Сұлтанмахмұт Торайғыров" тақырыбында жас ұлан сағаты өткізілді.

#113Қаракөлортамектебі

#кітапоқыойғатоқыжасұлан

#жасұлансағаты

#СТорайғыров 130жыл



<https://www.facebook.com/share/19Bspbbovr/?mibextid=wwXlfr>

Мектеп тәлімгері: Н.Амангелдиева

“ТҰЛПАР МІНІП, ТУ АЛҒАН” АКЦИЯ

№113 Қаракөл орта мектебінің тәлімгері Н.Амангелдиеваның ұйымдастыруымен “Кітап оқы, ойға тоқы, Жас Ұлан” жылдық жоспарына сәйкес, 4-сынып оқушыларымен батырлар жырын насихаттау мақсатында “Тұлпар мініп, ту алған” тақырыбында батырлар жырын жатқа оқу байқауы өткізілді. Байқау қорытындысы бойынша І орын – Теміров Ж, ІІ орын – Жақаш А, ІІІ орын – Қалдыбек С, “Үздік шешен” номинациясымен Несіпәлиев Ж марапатталды.




<https://www.facebook.com/share/p/19TTwH82ECjf/?mibextid=wwXIfr>

Мектеп тәлімгері: Н.Амангелдиева

«СӘКЕН ЖЫРДЫҢ САРҚЫЛМАС ДАРИЯСЫ»

№113 Қаракөл орта мектебінде «Кітап оқы, ойға тоқы, Жас Ұлан» жылдық жоспарына сәйкес, жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен, Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің 130 жыл толуына орай өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу мақсатында «Сәкен жырдың сарқылмас дариясы» тақырыбында «Жас Ұлан» ұйымының мүшелерімен ауылдық кітапханаға барып, ақынның өмірі мен шығармаларын таныстырып өтті.



<https://www.facebook.com/share/p/1AD177n48v/mibextid=wwXIfr>

Мектеп тәлімгері: Н.Амангелдиева

№113 Қаракөл орта мектебі

«Сәкен-жырдың сарқылмас дариясы»

(мектепішілік мәнерлеп оқу сайысы)

Тәлімгер: Н.Г.Амангелдиева

Күні: 03.10.2024ж

Тақырыбы: «Сәкен жырдың сарқылмас дариясы» (мектепшілік мәнерлеп оқу сайысы)

Кештің мақсаты: Жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен, Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу, ақынның өз заманындағы саяси-қоғамдық көзқарасын таныту, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.

Көрнекілігі: С.Сейфуллиннің суреті, слайд, плакаттар, шарлар.

Шашу біі

1-жүргізуші: -Құрметті ұстаздар, оқушылар! Қазақстанның қоғамдық тарихында абыройлы орын алатын, революционер-коммунист, қазақтың белгілі жазушысы, ақын, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі Сәкен Сейфуллиннің 120 жыл толуына орай «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары атты» әдеби кешімізге қош келдіңіздер.

2-жүргізуші: Тарихта қалған тарландар өмірі біз үшін үлгі.Қазақтың қазыналы тілінің бір пұшпағын илеген талай ақын-жазушыларымыз сөз маржанының қандай болатынын қарға тамырлы қазаққа дәлелдеп айтып кетті. Өмір атты теңізде қолдарына қалам алып дүние сырына тоймай тамсана жазған талай дана адамдар болды.Өмірге жұлдыз болып келетін,халықтың еркесі,халық жүгін көтеретін дара адамдар, дарынды жандар аз-ақ. Бірақ қазақ әдебиеті поэзия әлемінде әлемдік деңгеймен салыстырғанда 20-сыншы ғасырда кенже қалған емес. Керісінше өзінше жаңа қырымен дами бастады.Қандай марғасқа,жаны жайсаң адамдар өмір сүрді сол кезеңде. Әр адамның өз келбеті,өз жан-дүниесі болады.

1-жүргізуші: Егер ақынға сезім мен сұлулықты,қосып берген жағдайда одан нағыз шедевр дүниелерді құтуға болады.Қазақтың маңдайына біткен Сәкен Сейфуллин дәл сондай сері адам болатын.Қазақ халқы келбетті ер адамдарды көргенде сері деген. Дәл сол сері Сәкен ақынның сұлу жанынан өріліп, талай дүниелер дүниеге келді.Соғыстың да ащы дәмін татып,бала оқытуды да меңгерген ірі ұстаз өмірінің соңғы кезіне дейін күдіретті ақындық өнердің жүректе жатқан шырағын сөндірген емес.Жаңалыққа толы қым-қуыт жиырмасыншы ғасыр өмір майданына,өмір жағалауына таңдаулыларды өзі шығарып тастап отырды.Жазушы туралы қанша айтса да жарасады. Дәл осы уақытта біздің арамызда жүрмесе де, мектебіміздің Сәкен есімімен аталуының өзі, шығармалары, өлеңдері бізбен бірге.

1-жүргізуші: Сәкен – қазақ кеңес әдебиетінің қарыштап дамуында үлкен роль атқарған жаңашыл ақын.Өзінің бар өнерін халық мақсатына, туған елінің жарқын болашағына арнап, жаңа заманның дауылпазы болды. Абайдан кейін қазақ поэзиясына жаңалық қосқандардың ішінде оның орны бөлек .

2-жүргізуші:

Атыңнан айналайын қайран Сәкен,
Ұмытпан демім бар да тұлғанды әсем.

Ту ұстап, тұлпар мініп, қол бастаған,

«Тар жолда, тайғақ кешіп болдың көсем»- деп Сәбит Мұқанұлы жырлағандай,

С.Сейфуллин ұрпақтарға ұлан-ғайыр мұра қалдырып кеткені баршамызға аян.

1-оқушы: Сәкен Сейфуллин 1884 жылы қазан айының 15-інде Ақмола уезіне қарасты Нілді болысында (қазіргі Жезқазған облысы Ағадыр ауданы) көшпелі кедей шаруасының семьясында туған. Сәкен Сейфуллин – қазақ Кеңес әдебиетінің негізін салушы, көрнекті ақын, қоғам қайраткері. Оның есімі халық арасына революция жылдары және олан кейінгі кезеңде кеңінен тарады. Ол қазақ ақындарының ішінде

бірінші болып революцияны жырлады, Совет өкіметі үшін күреске белсене қатысты.

2-оқушы: Табиғаттың дарынды жаратылған мөлдір қара көз, толқынды шашты, қыр мұрынды, қайратты ұлдарын Сейфолла мен Жамал азан айтып қойған Сәдуақас деген есімінің орнына, еркелетіп Сәкен атап кеткен.

3-оқушы: 1937-1938 жылдарда қара дауылдай соғып тұрған сталиндік репрессия қазақ халқының ең білімді, ең саналы зиялыларын баудай түсірді: қазақ әдебиетінің негізін қалауға ат салысқан С.Сейфуллин нақақ жаланың құрбаны болды. Жалған айып тағылып, өлім жазасына ұшыраған көрнекті ақын, жазушылардың қыркылып кетуі қазақ мәдениетін орны толмас шығынға душар етті.

4-оқушы: Дәл осы кезде де өз басына қауіп-қатер төніп тұрғанына қарамастан, азаматтық келбетін жоғалтпай, адал бағытынан таймағандардың бірі- осы Сәкен Сейфуллин еді. Сейфуллинді НКВД 1937 жылғы қыркүйектің 24-інде тұтқынға алып, 1938 жылғы ақпанның 25-інде атып тастады.

Көрініс:

Сәкеннің монологаы

1-Жүргізуші:

Таудағы тасқындаған ағын судай,
Өлеңім басталады таудан ұдай,
Әсемін әңгіменің көп таратқан,
Айтылмай қалған екен тау мынадай:

2-жүргізуші:

Көк орман, көркем тоғай маужыраған,
Сұлудың көзіндей көл жаудыраған.
Малта тас, маржан, ақық, меруерт тас
Төгіліп көк жиекке саудыраған, - деп Сәкен жырлағандай, келесі кезекте табиғат, туған жер жайлы жазылған өлеңдерінен жыр шумақтарын тыңдайық.
(Оқушылар сахнаға шығып, жыр шумақтарын оқиды.)

«Туған жер» әні

1-жүргізуші: Сәкен лирикасының өзіндік сыр-сипаты алуан түрлі. Туған жерге сүйіспеншілік, табиғат көріністері мен құбылыстары, махаббат сырлары, сағыныш сазы, мезгіл суреттері, аң-құсты аялау, ана-бала сүйіспеншілігі — ақын лирикасының басты тақырыптары.

2-жүргізуші: Ол, әсіресе, табиғатты жан-жүрегімен нәзік сезініп, сүйіне жырлады. Ақынның әйгілі «Көкшетау» поэмасы қазақ жерінің ең бір көркем, сәулетті өңірінің естен кетпес мынандай керемет сұлу суреттерінен басталады.

«Көкшетау» өлеңі

1-жүргізуші: С.Сейфуллин өмірде де, әдебиетте де белсенді күрескер болды.

«Көкшетау», «Қызыл ат» дастандарында заманалық мәселелер көрсетілген. «Қызыл атта» 30 жылдардың бас кезінде Қазақстанның ауыл шаруашылығында орын алған асыра сілтеу оқиғалары сыналады. «Ақсақ киік», «Аққудың айрылуы» шығармаларында туған даланың табиғатын, адамның ішкі сезім күйлерін суреттейді.

/ Оқушылар өлеңдерін жатқа оқиды/

«Аққу» биі

2-жүргізуші: Өмір, достық туралы терең толғанған ақынның жаны таза, ешкімге қиянаты жоқ. Адалдық пен арамдық, мансап пен ар-ұждан, достық пен қастықтың ара жігін аша жазып, адам үшін құнды байлық-достықты жырлайды. Дос көңілін шыңдағы қоймаға, алтын сарайға балайды. Алтын сарай- шын достыққа нағыз дос ие болады дегенді айтады.

«Сыр сандық» өлеңі

1-жүргізуші: «Анаға хат», «Анаға жауап» өлеңдерінде аналық-балалық махаббаттың, сағыныш-мұңның, өкіп-наздың, жүрек қылын шертер, көзге жас үйірілтіп, ет жүректі елжіретер нәзік лирикалық сезім аса сәтті бейнеленеді.

Анаға арналған өлеңдері оқылады

2-жүргізуші:

Ақбоз атты құлатқан – жала-керме,

Магаданға мола іздеп бара берме.

Сәкен деген – халқымның рухы ғой,

Рухтарды көмбейді қара жерге! - деп Алаштың ақберен ақыны Ғалым Жайлыбай

айтпақшы, Сәкен – қазақ халқының көгінде мәңгі жарқырап тұра беретін жарық

жұлдыздарымыздың бірі.

1-жүргізуші: Сәкен Сейфуллин – айтулы ақын, қарымды қаламгерлігімен қатар, көрнекті қоғам қайраткері. Қызылдардың жыршысы болып жүріп-ақ Қазақ үкіметін басқарған тұста «қырғыз» атауын «қазақ» деп түзеуді именбей көтеріп, «Қазақты қазақ дейік» деп мақала жазып, атымызды қайтарып бергенінің өзі ұлының ұлы ісі деп білеміз. Сол секілді Қазақ тілі тура-лы декрет қабылдауға ұйытқы болғаны және бар.

2-жүргізуші: Сол аласапыранда: «Қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын, іс-қағаз қазақ тілінде жүрсін, ол қазақ ауылдары мен болыстарында 1924 жылдың 1 қаңтарынан шілдеге дейін жүзеге ассын. Ал 1 шілдеден әрі қарай қазақ пен орыс аралас отырған жердің бар-лығында да іс-қағазы қазақ тілінде жүргізілсін» деп шешім шығарған еді. Міне, осының өзінен-ақ оның өз заманының ұлы болуымен қатар, үрей туғызып тұрған орталық биліктен жасқанбай ұлты үшін басын бәйгеге тіккенін көруге болады. Осыны сол кезде тереңнен аңғарған болу керек, өлең сөздің құлагері Ілияс Жансүгіров «Жыр-ламасқа теңіздей, қуаныштың шегі жоқ. Ардақталған өзіндей, қазақта ақын тегі жоқ», деп ақиқат сөзді тап басып айтыпты.

Ән: « Қазақ тілі-ғажап тілім»

1-жүргізуші: Сәкен Сейфуллин теңдікті аңсады. Бай мен кедей арасындағы тартысты, әділетсіздікті жырлады. Болашағымыздың бостандығы үшін күресіп, арттарында өшпестей із қалдырды.

2-жүргізуші: С. Сейфуллин 1920-1924 жылдары Қазақ Автономиясының өркендеп, нығаюы үшін зор үлес қосқан үкімет басшысы;

1-жүргізуші: Ол – Қазақстандағы ағарту ісін ұйымдастырып, дамытуға ерекше күш салған қайраткер;

2-жүргізуші: С. Сейфуллин – қазақ әдебиеттану ғылымына өзіндік үлес қосқан ғалым. С.Сейфуллин есімімен көптеген ауыл, елді мекендер, театр, мектеп, кітапхана, көшелер аталады. 1985 жылдан Целиноград қаласында (қазіргі Астана қаласы) С.Сейфуллин мұражайы жұмыс істеді. Мұражай жанында ақынның ескерткіші орналасқан.

«Сейфуллин ескерткіші» өлеңі

1-жүргізуші. «Ақын жыры алыстарды жақындатты, биіктерге көзімізді жеткізді. Біздің сана-сезімімізге жырдан жаңа таныс, жаңа көз тапты. Бұл ұстаз болатын ағаға лайық қасиет еді. Мен бүгін де сол үшін ақын шабытының алдында бас иемін», - деген болатын Әбділда Тәжібаев

2-жүргізуші: Мектебіміздің кішкентай Сәкендерін ортаға шақырып, Сәкен аталарына арнаған арнау өлеңдеріне кезек берейік.

Сәкен ақынға хат

Сәкен аға!

Біз, кейінгі ұрпақ, сіздерді ешқашан ұмытпаймыз. Сіздердің өмірлік жолдарыңызды,

халық үшін жасаған игіліктеріңіз жайлы енді кітаптардан оқып, көзімізге елестетеміз...
... Ел үшін, туған халқы үшін құрбан болған, сіз мәңгі есте қалмақсыз. Арман еткен тәуелсіздіктің таңы атты. Біз, сол таңның куәгері, еліміздің бейбіт өмір сүруіне бар күш-жігерімізді саламыз. Сондықтан жақсы оқып, елжанды азамат болуға тырысамыз.

/Барлық оқушылар шығады.

1-жүргізуші:

Жалынды күрескер-патриот, сегіз қырлы, бір сырлы: ақын, жазушы, драматург, публицист, сыншы, әдебиеттанушы, композитор, педагог, қоғам және мемлекет қайраткері – Сәкен Сейфуллин есімі халық есінде мәңгі сақталады.

2-жүргізуші:

Асуы жоқ асулардан асайық,

Ашылмаған тас қақпаны ашайық.

Болмағанды болдырайық дүниеге,

Жаңа тұрмыс жаңа жерге жасайық!-деп ақынның ой мен сезім астасқан жырларын жаттаған жас қауым да ақын өлендерін ешқашан естен шығармайды деп сенеміз дей келе, бүгінгі «Сәкен жырдың сарқылмас дариясы»атты кешіміз аяқталды. Көңіл қойып таңдағандарыңызға көп рахмет.

"Әнұран айту" челленджі

№113 Қаракөл орта мектебінде 25 Қазан Республика күніне байланысты, мектеп оқушылары Мемлекеттік Әнұранды орындады. Бұл челлендждің мақсаты – балаларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

#Біртұтас_тәрбие

#МемлекеттікӘнұран

#РеспубликаКүні

#113ҚаракөлОртаМектебі



<https://www.facebook.com/share/v/15kubwtPqt/?mibextid=wwXIfr>

Мектеп тәлімгері: Н.Амангелдиева

Елімнің туын биік көтер, ЖАС ҰЛАН

25 Қазан Республика күніне орай N113 Қаракөл орта мектебінде, мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен оқушылардың Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті. Жиында 4-сынып оқушылары Жас Ұлан ББЖҰ қатарына қабылданды. "Жас Ұлан" ұйымына қабылданушылар алдағы уақытта қоғамдық, танымдық, шығармашылық қабілеттерімен мектеп жүйесіндегі тәрбиелік тәжірибені дамытуға, ат салысу міндеттелді. Оқушылар Қазақстан Республикасының патриоты болуға, ата-ананы қадірлеуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, табиғатты аялауға, салауатты өмір салтын сақтауға, оқуда озат болуға ант қабылдады. Еліміздің болашағы жарқын, Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болсын! 25 Қазан-Республика күні құтты болсын!

#Біртұтас_тәрбие

#ЖасҰлан

#113_Қаракөл_орта_мектебі

#Республика_күні



<https://www.facebook.com/share/v/19npvUaLma/?mibextid=wwXIfr>

Мектеп тәлімгері: Н.Амангелдиева

№113 Қаракөл орта мектебі

«Елімнің туын биік көтер, Жас Ұлан»

(Жас Ұлан ұйымына салтанатты қабылдау)

Тәлімгер: Н.Г.Амангелдиева

2024-2025 оқу жылы

БЕКІТЕМІН: _____

Мектеп директоры: Ж.Ш.Демеубаева

Күні: 23.10.2024 ж

Уақыты: 15:30

Іс-шараның тақырыбы: «Елімнің туын биік көтер, Жас Ұлан»

Іс-шараның мақсаты: - Оқушыларды өз Отанын сүйуге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.

- Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу.

Өтілу түрі: Мерекелік іс-шара

Өтілетін орны: Ауылдық клуб үйі

Ұйымдастыру: Ауылдық клуб үйін шараға даярлау

Қонақтарды орналастыру.

Екі оқушы сахнаға шығады.

- Алтын , қарашы, аспанмен таласып желбіреген көк туымыз қандай әдемі?
- Туымыздың аспан тектес көк болуында үлкен мән бар.
- Менің атам айтқандай, көз тартарлық көгілдір түсі аспанымыздың ашықтығы мен халқымыздың адал, таза ниетін айқындап тұрады.
- Көк тулы, рухты, үнді ҚАЗАҒЫМ асылдай!

Бірге: - Біздің ел бақытты, біздің ел осындай

----- Экранмен жұмыс (музыка, видео) Республика күніне орай
видеомонтаж -----

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы енгізілсін

----- **Фанфар. (жүргізуші шығады)** -----

Жүргізуші:

Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!

- Армысыздар, қонақтар, ұлағатты ұстаздар мен оқушылар! Бүгінгі еңселі егемендігіміздің, тұғырлы Тәуелсіздігіміздің, айбарлы азаттығымыздың айғағы – ұлттық мерекеміз Республика күні баршамызға құтты болсын!

жүргізуші: 25 қазан Республика күніне арналған «Республикам-мақтанышым!» атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

жүргізуші Құрметті көрермен, айтулы мерекемен құттықтау үшін Қармақшы ауылдық округі әкімі Аязбек Тайжанұлына сөз кезегі беріледі!

жүргізуші: Осыдан тура 33 жыл бұрын 25 қазан күні Жоғарғы Кеңестің 307-қаулысы мен Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданып, тәуелсіздікке нық қадам жасалды.

№113 Қаракөл қазақ орта мектебінің директоры Демеубаева Жанат Шакизадақызына сөз беріледі!

жүргізуші:

Бүгінгі болашаққа тамсанайық,
«Жас ұланмен» қосылып ән салайық,
Сап түзеп келеді әне ел ертеңі,
Тәуелсіз ел ұлдарын қарсы алайық!

Ортаға Бүгінгі мерекеге сәйкес егемен еліміздің ертеңі жас ұлан мүшелеріне қабыладанатын оқушыларымызды қарсы алайық. *(Ортаға маршпен екі қатарда оқушылар кіреді де сапқа тұрады.)*

Біз Отанның ұланы

Жер қайысқан қалың қол

Тәуелсіз ел ұланы,

Ант беруге дайын бол!

(Ортаға антты жаттап айтуға бір белсенді оқушы шығып айтады, қалғаны қайталайды. Ант біткен соң:)

Барлық сапта тұрған оқушылар : Ант етемін!

жүргізуші: Құрметті ұстаздар! « Жас Қыран» ұйымына қабылданған оқушыларға галстуктерді тағуға шақырамыз!

(Мұғалімдер ортаға келіп оқушыларға галстуктерін тағады.)

жүргізуші: Жас Қыран, еліміздің болашағы үшін атқарылатын игілікті істерге әрқашанда дайын бол!

Барлық сапта тұрған оқушылар : Әрқашанда дайынбыз!

Келесі кезекте сахнада «Балауса» бишілер тобы «Қазақ» биімен

жүргізуші: Ел ертеңі мына сіздер болашақ,

Ұландарсың өзгелерден дара сап.

Мойныңызда көк галстук желбіреп,

Ұлы істердің басында жүр мөлдіреп.

Хор: 10-9 сынып оқушылары «Атамекен» әні

жүргізуші:

- Тәуелсіздік - халықтың арман қанаты. 1991 жылы біз қанатымызды байлап тұрған құрсауды бұзып, биікке құлаш сермедік, әлемге Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде жарияладық. Біз, өз Отанымыздың жаңа дәуір тарихын бірге жаздық, негізін бірге қаладық. Халықтың ынтымағы бізді мызғымас тәуелсіз мемлекетке айналдырды, береке мен бірлік, татулық пен келісім бұл біздің тәуелсіз мемлекетіміздің жетістігі және өркениет көшіне ілесуінің кепілі болып табылады.

Әдеми монтаж: Келесі кезекте сахнаға 5 сынып оқушыларын шақырамыз!

жүргізуші:

- Көкжиекпен ұштасқан кең байтақ даламыз бар. Күн көзімен таласқан заңғар тауларымыз бар. Аспан түстес теңізбен ұстасқан көлдеріміз бар. Кең даланы жасыл желекке ораған орманымыз бар біздің ел бақытты! Мұның бәрі – Тәуелсіздіктің арқасы. Ал Тәуелсіздік - ата-бабамыздың азаттық жолындағы жан алысып, жан беріскен сан ғасырлық күресінің заңды жалғасы, халықаралық құжаттармен бекітіліп, мәңгілікке берілген сыйы.

**Келесі кезекте сахнада «Туған жер» әнімен Орынбек Құндыбеков,
Ақерке**

Серікқызы

жүргізуші:

- Еліміздің Президенті Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев «Бұл – ұлттың рухын көтеретін, ұрпақтың мерейін өсіретін мәртебелі мейрам. Тәуелсіздік – мемлекетіміздің алтын діңгегі, дербестігіміздің берік негізі. Тарихы бай, тамыры терең Қазақ елі үшін бұдан асқан қастерлі

құндылық жоқ. Оны ең қымбат қазынаға, ең асыл аманатқа балаймыз» деген болатын. Осы бейбіт күнге жетуді ата-бабамыз аңсаған, кешегі батыр бабаларымыз армандаған елде өмір сүріп жатырмыз. Елдігіміздің мәртебесін көтерер елдік қасиет жоғалмасын деп тілейміз.

- Келесі кезекте сахынада «Қазақ елі» орындайтын: Орынбек Құндыбек, Бекқадыр Әмзеев, Ерсұлтан Тұрақов

жүргізуші:

Домбыра жүрегіммен үндес едің,

Өзіңмен сырласымдай тілдесемін.

Бабамнан қалған мұра сен болмасаң.

Өнердің не екенін де білмес едім.

Бабаларымыздың басынан өткен қиын кезеңде, сын сағатта әрқайсымыз қатпар-қатпар тарихтан сыр шерткен күй-толғауға құлақ түрейікші. Күмбірле, қоңыр домбыра!

Келесі кезекте сахынада «Қазақ күйлерінен топтама». Қабыл алыңыздар.

жүргізуші:

- Тәуелсіздігіміз – ата-бабаларымыздың жүздеген жылмен өлшенетін арман-аңсарының жүзеге асқан ақиқаты. Тәуелсіздіктің әрбір жылының біз үшін маңызды екенін естен шығармағанымыз абзал. Бұл – баршамызға ортақ өнегелі өлшем тағылымды кезең. Жаңа мемлекет құруға атсалысқан бүкіл халқымыздың ерен еңбегінің тарихи шежіресі әрі ең қымбат қазынасы, ең асыл аманатқа балаймыз. Сондықтан бабалар аңсаған Тәуелсіздіктің қадірін жанжүрегімізбен сезінеміз. Егемендік – әр халыққа бұйыра бермейтін баға жетпес байлық.

Келесі кезекте сахынада «Өз елім» әнімен Орынбек Құндыбеков

жүргізуші:

- Әлемдегі бар елмен терезесі тең елім жасай берсін! Менің Отаным - рухы биік Қазақстан. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Республика күні құтты болсын!

ECO-ALEM” үстел ойыны

№113 Қаракөл орта мектебінде “Алаш ұлағаты-Ұландар үнінде” жылдық жоспарына сәйкес, “Жас ұлан” ұйымының мүшелерімен “ECO-ALEM” үстел ойыны өткізілді. Ойынның мақсаты: оқушылар арасында экологиялық білімді, экологиялық мәдениетті арттыру. Әрбір адам өз өмір жолында көміртекті із қалдырады. Су мен энергияны шамадан тыс тұтыну, автомобильмен жүру, шетелдік тауарларды сатып алу, тіпті мессенджер арқылы хабарлама жіберу қоршаған ортаға зиян келтіреді. Сондықтан әрбір азаматтың міндеті – көміртекті іздің төмендеуіне ықпал ететін өмір салтын ұстану. Оқушылардың ойынға қызығушылығы, белсенділігі өте жоғары деңгейде болды.

#жасұлан

#экоәлем



<https://www.facebook.com/share/v/19npvUaLma/?mibextid=ccXIfr>

Мектеп тәлімгері: Н.Амангелдиева

ХАЛҚЫНА АДАЛ ҚАС БАТЫР - ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ



№113 Қваракөл орта мектебінде 4 -сынып жасқырандардың қатысуымен "Кітап оқы, ойға тоқы, Жас Ұлан" акциясы аясында Қазақстанның халық қаһарманы, партизан-жазушы, Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры Қасым Қайсеновтің туғанына 105 жыл толуына орай "Халқына адал қас батыр - Қасым Қайсенов " атты танымдық сағаты өткізілді.

#Кітап_оқы_ойға_тоқы_Жас_ұлан

#Сыр_ұланы

#Біртұтас_тәрбие

#Ұлттық_құндылық



<https://www.facebook.com/share/p/15wH82cpjf/?mibextid=wwXIfr>

Мектеп тәлімгері: Н.Амангелдиева

№113 Қаракөл орта мектебі

«Халқына адал қас батыр- Қасым Қайсенов»

(Жас Ұлан сағаты)

Тәлімгер: Н.Г.Амангелдиева

2024-2025 ЖЫЛ

Тақырыбы: «Қ.Қайсенов – халқына адал қас батыр»

Мақсаты: Қазақстанның халық қаһарманы, партизан – жазушы, Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры Қ.Қайсенов туғанына 105жыл толуына орай адалдық сағатын өткізу.

Көрнекілігі: ұнтаспа, Ұлы Отан соғысы туралы кітаптар, гүлдер, шарлар.

Түрі: қойылым, еске алу, кездесу

Ұлы Отан соғысы жылдарынан үзінді қойылым

Соғысқа шығарып салу кезеңі

(сахна сыртында поездың дауысы мен «Ах война» өлеңі ойналады.)

(сахна сыртынан соғыстың дабылдары естіледі)

Майданнан хат» (үзінді):

Хат жазамын майданнан,

Мейірімшіл ғазиз-анама

«Жақыным-жарым» дегенмен,

Анаңдай жақын бола ма?

Көңілінде тілек, көзде жас,

Екі қолың жағаңда.

Қасірет шегіп, қан жұтып,

Сарғайдың ба санаға?

Сағынған соң мен ойлап,

жүрегің оттай жана ма?

Ет бауырың елжіреп,

Қайғыра берме балаңа.

Сабырдың суын бере көр,

Жаныңдаға жараңа.

Ажалсыз адам өлмейді.

Мезгілсіз шөлмек сына ма?

Ердің басы ел үшін,

Арыма жаным садаға.

Бұлт жамылып қар төсеп,

Мен жатырмын далада.

«Майданға хат» (үзінді):

Құлыншағым аман ба?

Қолыма тиді сенен хат.

Хабарыңды есітіп,

Қуанып қалды ғаламат.

Күніге тоқсан тілеймін,

Құлыным кел деп саламат.

Жүрегім – жалын, ішім у,

Жанымда ауыр жарақат.

Суретің келді хатыңда,

Шекпен киген жалаңқат.

Ерге лайық бес қару,

Асыныпсың автомат.

Суретіңе қарасам,

Емшегім иіп, сүт тамад.

Көзімнің жасы төгіліп,

Ұйқыдан кетті рахат.

Отаның үшін қарағым,

Арың қымбат жаныңнан.

Бөбектерің аман-сау,

Ас жейді әзір қолымнан.

Ербендеген ермегім,
Тастамаймын қолымнан.
Лақ-қозы қайырсам,
Қалмайды сүйем соңымнан.
Жағдайсыз емес келінім,
Оны да көрем бағымнан.
Қайырмайды тілімді,
Жібектей майда жамылған.
Көңілімде алаң жоқ,
Жаны сүйген жарынан.
Уһілеп кейде демалып,
Шығады түтін жалыннан.
Хабарыңды жиі жаз.
Өтпесін көп күн арадан.
Талқандап жауды аман қайт,
Бұлт серпіліп көгімде.
Жазылсын жүрек жарадан!
(левитанның соғыс аяқталғаны туралы хабарламасы)
Балалар бас киімдерін лақтырып, қуанып көріседі.
Ана баласын іздеп жүреді, баласын көріп жылайды

(Ана туралы баллада ойналады)

Ана туралы баллада
Әлі есімде, біледі жұрт, біледі,
Ел басына қатер төнген жыл еді.
Қимастарын қан майданға ұзатып,
Қарс айырылған аналардың жүрегі.

Қайырмасы:

О, аналар, осындайсың бәрің де,
Осындайсың жасың-дағы, кәрің де.
Сыйынатын болса өмірде құдірет,
Сыйынар ем ана деген тәңірге.

Соғыс жұлып кетті үйінің тірегін,
Соғыс бұзды қуанышын, реңін.
Тұрды ана күйеуінен айырылып,
Тұрды құшып тек қана оның күрегін.

Қайырмасы.

Ақ сүті оның өтеусіз жай қала ма,
Борышты оған небір дарқан, дана да!
Тірлік сеуіп келе жатқан дүниеге,
Әй, адамдар, жол беріндер анаға.

Қайырмасы.

Тағы да үміт, шек қала ма арманға,
Өмірге ынтық, ана шөлі қанған ба?!
Ана – үміт, ана – жігер, ана – азамат,
Одан берік, одан нәзік жан бар ма?!

Қайырмасы.

(«День Победы» әнімен барлығы шығып тұрады.)

Жүргізуші: Тарих кеші үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескермейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бәрі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен

Ұлы Жеңістің қасиетін батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан ұмытпақ емес. Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941 жылы маусымның 22 - де болған еді. Бірақ сол кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында 1945 жылы 9 - мамырда Ұлы Жеңіспен аяқталды.. Биыл Ұлы Жеңістің 70 жылдығы.

Жүргізуші:

Соғыс жалмап аға - іні бауырды,
Зар жылатты тыныш жатқан ауылды.
Жалғзынан айырыпты ананы,
Әкесінен айырыпты баланы.

Жүргізуші: Осы соғыста Кеңес одағының басқа республикаларымен бірге біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты.

Ұлы Отан соғысына қатысқан: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов т. б. сонымен қатар арамызда өз жерлестеріміз: Мукашев Аусағит ата мен Арын ата, келіп отыр.

Ол кісілерге құрметпен бас иеміз. Ал осы бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас иіп, еске алайық. 1 минут еске алу.

Біз бүгінгі ерлік сабағын Халық Қаһарманы, Кеңес Одағының батыры Қасым Қайсенов туралы айтпақпыз.

Қасым Қайсенов — Қазақстанның Халық Қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы сыйлықтың лауреаты, көрнекті жазушы, Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры, әйгілі партизан, көзі тірісінде аты аңызға айналған халқымыздың қайталанбас біртуар даңқты перзенті

□ 1918 жылы 23 сәуірде Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында дүниеге келген. Ол 2006 жылы 30 желтоқсан күні 89 жасқа қараған шағында ауыр науқастан дүние салды.

□ 1934 жылы мектеп бітіргеннен кейін Өскемен қаласындағы саяси-ағарту техникумына түсіп, 1938 жылы оны бітірген соң Павлодар облыстық оқу бөлімінің саяси-ағарту жөніндегі нұсқаушысы болып қызмет атқарып жүргенде әскер қатарына шақырылып, әскери-барлау мектебіне жіберіледі.

□ 1941 жылы қараша айында осы мектепті бітірген бойда, Оңтүстік-Батыс майданының штабына жөнелтіліп, сол жерден арнайы тапсырма алып, Украинаның басқыншылар қолында қалған жерінде партизан отрядын құру үшін жау тылына түсіріледі. Ол жерде Қайсенов Чапаев атындағы партизан құрамасының үшінші отрядын басқарады. Одан кейінгі кездерде, 1944 жылдың аяғына дейін Молдавия, Чехословакия, Румыния жеріндегі партизан қозғалыстарына қатысады.

□ Отряд командирі болып жүріп, жау тылында жүздеген жорықты басынан өткереді. Соғыс аяқталған соң Отанына — Қазақстанға оралып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы аппаратында жауапты қызметте болады.

□ Жамбыл облысының Жуалы, Свердлов аудандарында атқару комитеттері төрағаларының орынбасары ретінде соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығын қалпына келтіру науқанына белсене араласады.

□ 1951-1954 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті жанындағы екі жылдық партия мектебінің аудармашылар бөлімінде оқиды.

□ 1953-1972 жылдар аралығында «Жазушы» баспасы директорының орынбасары, Қазақстан Жазушылар одағы көркем әдебиетті насихаттау бюросы директоры, «Қайнар» баспасы директорының орынбасары болып қызмет істейді

Шығармашылығы

Қайсенов Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау кезеңін, жауынгерлердің жанқиярлық ерлігін шынайы суреттеген, оқушы жұртшылыққа кеңінен мәлім көптеген шығармалардың авторы.

1954 жылы орыс тілінде «Жас партизандар» атты алғашқы кітабы жарық көрді. Одан кейінгі кездерде «Илько Витряк», «Переяслав партизандары», «Ажал аузынан», «Жау тылындағы бала», «Днепрде», «Жау тылында», «Партизан соқпақтары», тағы басқа әңгіме, очерк, повесть жинақтары

оқырман қолына тиді. Бұл шығармалары орыс, украин, басқа да көптеген тілдерге аударылған. Кейінгі кездері «Елімнің ертеңіне сенемін», «Естеліктер мен жазбалар», тағы да басқа кітаптары жарық көрді.

Марапаттары

Қайсенов «Богдан Хмельницкий», «Отан соғысы», «Чехословакия партизандары», Украинаның «За заслуга» ордендерімен, Кеңестер Одағының көптеген орден, медальдарымен марапатталған. Ол Қазақстан Жазушылар одағының Бауыржан Момышұлы атындағы әдеби сыйлығының лауреаты. Қазақстанның халық қаһарманы.

Қасым Қайсенов туралы фильм түсірілді

Қазақстандық көрермендерге Ұлы Отан соғысы кезіндегі тыңшы *Қасым Қайсенов туралы 4 бөлімдік фильм* көрсетіледі.

"Қасым" фильмінің түсіріліміне Қазақстанмен қоса, Ресей, Украина мемлекеттері де мұрындық болды. Шет елдік мамандар Қасым атамyzдың ерліктері баяндалатын бұл туындыға ерекше қызығушылықпен келді. *Себебі бұған дейін фашизмге қарсы күрестегі Қазақстанның рөлі кинофильмдерде бейнеленіп көрмеген еді.*

Айта кетелік, Қайсеновты Чапаевтың партизандық отряды соғысқан Украина елі "тыңшы Вася" атымен жақсы таниды. Фильмде Украина фронтындағы соғыстың нәтижесіне себеп болған Қайсеновтың ерлігі суреттеледі. Сюжет бойынша, ол неміс тыңшысына қарсы тұрады.

Фильм авторларының айтуынша, лента арнайы эффектілерге, романтикалық сәттерге толы. Кино кең аудиторияға негізделген. Қайсеновтың рөлін "Келін" фильмімен танымал Қуандық Қыстақбаев сомдады. Картина режиссері "Ақ киімдер", "Агент Блейктың таңдауы" ленталарымен жұмыс жасаған Леноид Белозорович. Кино Қазақстаннан бөлек, Ресейде және Украинада көрсетіледі.

СЫРДЫҢ ЖЫР САҢЛАҒЫ

Ә. Тәжібаев 115 жыл "Сырдың жыр саңлағы" №113 Қаракөл орта мектебінде «Кітап оқы, ойға тоқы, Жас Ұлан» акциясы аясында жас ұландықтар арасында "Сырдың жыр саңлағы" атты тақырыбында 9- сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: оқушыларға өмірі мен шығармашылығын таныстыру және патриоттық тәрбиеге баулу болып табылады. Жас ұландықтар Ә. Тәжібаев туралы көптеген шығармаларымен таныса отырып өз ойларын ортаға салып пікір алмасты.



<https://www.facebook.com/share/v/19npvUaLma/?mibextid=wwXIfr>

Мектеп тәлімгері: Н.Амангелдиева

№113 Қарақол орта мектебі

«Сырдың жыр саңлағы»

(Дөңгелек үстел)

Тәлімгер: Н.Г.Амангелдиева

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: Ә.Тәжібаевтың шығармаларына арналған «Сырдың жыр саңлағы» атты әдеби - әуезді кеші

Мақсаты: Әбділда Тәжібаевтың жерді құрметтеу, халқына, ана тіліне, Отанға деген сүйіспеншілік тақырыбында жазылған өлеңдері арқылы оқушыларды ұлттық намыс, жігерлікке тәрбиелеу.

Көрнекілік : Әбділда Тәжібаевтың портреті, кітап көрмесі, ақынның қанатты сөздері

Жүргізуші: Әбділда Тәжібаевтың шығармалары 2019 жылы «Бір ел - бір кітап» республикалық акциясы аясында оқу үшін таңдап алынған болатын. «Сырда туған сұңқар ақын» атты Әбділда Тәжібаевтың шығармаларына арналған әдеби- әуезді кешімізге қош келдіңіздер құрметті ұстаздар мен оқушылар!

Жүргізуші: Туған жеріне, еліне деген сағынышын, ыстық сезімін айтудан шаршамаған, ақын және драматург, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның халық жазушысы, қазақтың қадірлі ұлы Әбділда атамyzдың өмір жолы және шығармашылығымен танысып отырайық.

Әбділда Тәжібаев 1909 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Алты жасында әкесінен айрылған ол анасы Айманкүлдің тәрбиесінде өседі. Атақты ақын Нартай келіп, Әбділданың анасы Айманкүлмен айтысқа түскен. "Сыр елі-жыр елі" атанған Сырда туып-өскен Әбділдаға іргелі ақындардың жыр додасы да өзіндік әсерін тигізсе керек.

Қызылордадағы жетім балалар интернатында тәрбиеленіп, Шымкент қаласындағы жеті жылдық мектепті оқып бітірген. С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетін, (қазіргі уақытта Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университет), Мәскеудегі М.Горький атындағы әдебиет институты жанындағы Жоғары әдеби курсты бітірген. Еңбек жолын 1926-1928 жж. «Еңбекші Қазақ» газетінен бастайды.

Әбділда Тәжібаев 1927 жылдан бастап жаза бастады. Ең алғаш өлеңдері 1933 ж. «Жаңа ырғақ» атты жинақ болып шықты.

Ақын Әбділда Тәжібаев 1998 жылы 89 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Қызылорда қаласында көрнекті жазушы Ә.Тәжібаевқа ескерткіш қойылған. Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасына 1999 жылы Әбділда Тәжібаевтің есімі берілді.

Әбділда Тәжібаев "Күй атасы", "Ақын", "Портреттер"деп аталатын дастандар жазумен бірге, лирикалық поэмалардың қазақ әдебиетінде озық үлгілерін қалыптастыруға да үлкен үлес қосты. Әдебиетті зерттеумен де айналысты. Қазақ әдебиетіне өзіндік жыр жолдарымен қолтаңбасын қалдырған ақын балалар тақырыбына да қалам тартты..

4-сынып оқушысы Қалдыбек Сағыныш

«Балапандар жыры» өлеңін оқиды.
Қақтық қанат балапандай
Жасыл дала көк торғында.
Қызыл шешек дамыл алмай

Қол бұлғайды кел деп мұнда,
Қақтық қанат балапандай
Гүлден гүлге ,нұрдан нұрға.
Әнші бұлбұл дамыл алмай
Дейді бізге жырла,жырла.
Қақтық қанат балапандай
Айдын көлге,ағын суға,
Айдай аққу дамыл алмай
Шақырады үн қосуға.
Қақтық қанат балапандай
Бақытты Отан құшағында.
Бізден ерлік көзін алмай
Шақырады кел деп мұнда.

Жүргізуші: Әзіл тақырыбында жазылған Әбділда атамyzдың өлеңін Тайжанов
Ұлықбектің орындауында тыңдаңыздар!

Ақ қалпақ

Басыма кидім ақ қалпақ
Оюлап шетін сырғызған
Менің де бетім жап-жалпақ,
Айырмам қайсы қырғыздан.
«Қоқи!» дей көрме,бикешжан,
Ақ қалпақсыз да өзіңмін,
Отынан ұшқын алып қал
Жалт еткен саған көзімнің.
Ақ көңіл, жанмын бар шыным,
Қырғызбен мені бірдей көр.
Тұтансын от боп ұшқыным,
Өшіріп алмай, үрлей бер!

Жүргізуші: «Бес түлік жыры Бөрте лақ» өлеңін тамашалайық!

Бес түлік жыры Бөрте лақ
Шөре-шөре, лағым,
Тентек болма,шырағым.
Секектеме деміңді ал
Селтендемей құлағың.
Марқа туған бөрте лақ
Әңгімеме сал құлақ.
Ойнай көрме тым ұзап:
Боп жүрмесін бөрі тап.
Секіре ме, нетеді,
Тау текеден өтеді,
Сына ма деп тұяғың-
Сенен зәрем кетеді.
Шоли берме жан-жақты,
Болшы ,бөртем,салмақты,
Жөнемексің,шұбыртып
Бар қозыны,бар лақты.

Шұнаңдама, қағынба,
Тарта берме қалыңға.
Жібермеймін тым ұзақ,
Жайылыңдар маңымда.
Бар еді бір жылқышы ...
Бар еді бір жылқышы
Танысып ем жайлауда.
Қағушы еді домбыра
Қыз ұзатқан тойларда.
Ағып тұрған әнші еді
Арнап туған сайрауға.
Тоймаушы еді талғанша
Түнде ақсүйек ойнауға.
Қайда екен сол жылқышы?
Әсем еді-ау күлкісі.
Жылқышы бір, жел де бір
Жел қайда деп кім сұрар?
Жүйрікті таңдап мінгеннің
Өзінде ғой ықтияр.
Я бір биік жартаста
Ортекедей тұр шығар,
Я бір жасыл жазықта
Желідей есіп жүр шығар.
Қайда екен сол жылқышы?
Әсем еді-ау күлкісі.

Алатау

Ұқпаймын тілін теңіздің,
Таныған жоқпын тереңін.
Білмеймін сырын толқынның,
Білмеймін сырын кеменің!
Сүйемін туған тауымды,
Тәкаппарның оның тұлғасын,
Бөгеген тентек дауылды,
Бүкпеген тізе мың ғнасыр.
Киініп сауыт көк мұздан,
Жамылған қардан желенін,
Ұшырып бүркіт шын, құздан,
Жаттатқан маған өлеңін.
Жатсам түнде дамылдап
Күзетімде ол тұр менің.
Тілегендей сыбырлап,
Тірлігімді бір менің.
Пердесін түннің ысырын,
Тұрғызады ол- танды да,
Көтеріп күнді ұсынып,
Тартады менің алдыма.

Жүргізуші: 1935-1937 жылдары аралығында Ә.Тәжібаев ақындық жолда үлкен табыстарға қол жеткізді. Ол өзінің Абайынан, орыстың Пушкинінен, Лермонтовы мен Некрасовынан, Украинаның Шевченкосынан, немістің

Гейнесінен үйрене отырып өсудің дәлеліндей болған «Сырдариясын» осы жылдары жарыққа шығарды.

Бүгінде «Сырдария»-Сыр бойылықтардың гимніне айналып кеткен өлең.

Мектептің бұлбұл әншілерінің орындауында «Сырдария» әнін тамашалаңыздар!

Жүргізуші: Дүбірлі дүлдүлдердің ізі қалған, Жүлделі жүйріктердің жүзі жанған. Ежелгі Сырдың елі, жырдың елі, Киелі, қасиетті Қызылордам-деп елін, жерін, суын жырға қосқан ақынның лирикалық шығармаларына тоқталайық. Әбділда Тәжібаевтың алғашқы өлеңдері баспасөз беттерінде 1927 жылдан жариялана бастады, тұңғыш жыр жинағы «Жаңа ырғақ» 1934 жылы жарыққа шықты.

Ақынның өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқитын оқушыларды ортаға шақырайық

«Қазақстан» Оқитын Аманов Қуаныш

«Атамекен» Телқараев Нұртөре

Жүргізуші: Әбділда Тәжібаев абайтану мәселесіне де белсене араласып, ақын өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері мен шеберлігі тақырыбын сөз ететін мақалалар жазды... Абай шығармаларымен ерте танысып, көп үйренген ақын, сондықтан да Абай өлеңдері тақырыбына қайта-қайта оралып, ақынның әр сөзіне үңіле қарау қажеттігін талмай көтеріп келеді. Абай аруағына арнап «Абай мен Мұхтарға қойдық белгі», «Сағындырған Сарыарқа», «Жолдас Абай» өлеңдерін жазды. Әбділда Тәжібаевқа жыр жинағы үшін Қазақстан Республикасының Абай атындағы Мемлекеттік Сыйлығы берілген.

Жүргізуші: Әбділда атамыздың қаншама сырлы, әсерлі, балаларға, туған жерге арналған, табиғатпен ұштастыра білген керемет өлеңдерін тамашаладық.

Кеш соңында тәрбие ісінің меңгерушісі Н.Таңбайға сөз береміз.

Жүргізуші: Әбділда тағылымын бір сәтте оқып білуге болмайды. Оны жылдар бойы оқып үйренуіміз керек. Әбділда Тәжібаевтың ақын, зерттеуші, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы -- баршасы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтықсыз қызмет етуге арналған. Әбділда өмірі мен шығармашылығы келер ұрпаққа мәңгілік өнеге болып қала бермек. Әбділда рухына тағзым ете отырып, бүгінгі кешімізді осымен тәмамдаймыз. Тамашалағандарыңызға көп рахмет!

ТӘУЕЛСІЗДІК-АТҚАН ТАҢЫМ,БАҚ КҮНІМ,АЗАТТЫҒЫМ, ҚУАНЫШЫМ, ШАТТЫҒЫМ!

Құрметті қазақ елі! Сіздерді еліміздің елеулі, негізгі мерекесі — "Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні" мерекесі құтты болсын! Тәуелсіздік – бұл азап пен төзімнің, халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтуі. Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел ретінде танылғанына міне отыз үш жыл толып отыр. Әрқашан көгімізде күн жарқырап, еркіндік аспанында қыран құстай қалықтайық! Бейбітшілігіміздің қаймағы бұзылмасын! Тәуелсіздік тұғыры мықты болсын!

#Біртұтастәрбие

#Тәуелсіздіккүні



<https://www.facebook.com/share/1BtbmbTCxL/?mibextid=wwXIfr>

Мектеп тәлімгері: Н.Амангелдіева

"Сыр сүлейі-Тұрмағанбет"

№113 Қаракөл орта мектебінде "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Төрт тоқсан-төрт өнер" ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы бойынша, Жасұлан ұйымы мүшелерімен "Сыр сүлейі-Тұрмағанбет" тақырыбында Т.Салқынбайұлы атындағы өнер мектебінің жыр-терме сыныбының өнерпаздарының әдеби-сазды бағдарламасы болды.

Жетекшісі Э.Мыңжанова. Мектеп тәлімгері: Н.Амангелдиева

#Біртұтас_тәрбие

#төрттоқсан_төртөнер

#Жас_ұлан

#113ҚаракөлОртаМектебі



<https://www.facebook.com/share/p/15wH82ECjf/?mibextid=wwXIfr>

Мектеп тәлімгері: Н.Амангелдиева

№113 Қаракөл орта мектебі

«Сыр сүлейі-Тұрмағамбет»

(әдеби сазды кеш)

Тәлімгер: Н.Г.Амангелдиева

2024-2025 оқу жылы

Сыр сүлейі – Тұрмағамбет

Қайырлы күн құрметті қонақтар және оқушылар. Сыр ақындарының ағасы, поэзия бұлбұлы Т. Ізтілеуовтің «Сыр сүлейі-Тұрмағамбет» атты әдеби-сазды бағдарламамызға қош келдіңіздер.

Сыр бойы ежелден - ақ орақ ауыз, от тілді шешендер мен көсем қарияларға, жез таңдай әншілер мен айдарынан жел ескен ақын - шайырларға, жыршы - жырауларға, сал - серілерге кемде болмаған. Өзгеден ойы асқақ, бойы биік осындай парасатты перзенттерін халық сүйсінгендіктен оларды «Сүлей» деп атайды. Солардың бірі – қазақ әдебиеті мен мәдениетіне айрықша үлес қосқан, суырып салма ақындығымен, ерекше талантымен елге танылып, «Сыр сүлейі» атанған Тұрмағамбет Ізтілеуов.

Сыр ақындарының ағасы, поэзия бұлбұлы Т. Ізтілеуовтің туғанына міне 130 жыл. «Көкелташ» медресесін бітіріп, өз еліне оралады. Қызылқұм жиегінен пансионды мектеп ашады. Бұқарада оқып жүргенде ол араб, парсы, шағатай (өзбек) тілін үйреніп, Бируни философиясын терең игереді. Бірақ Т. Ізтілеуовтың Сырға оралуы бір ғана медресе ашуда емес, Сыр елінде шағатаизм - түркізм стилімен ұштасқан қазақтың жазба әдебиетінің тууымен байланысты болды.

«Сыр сүлейі-Тұрмағамбет» атты әдеби-сазды бағдарламамызды ашып беру үшін сөз кезегі Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Нұрлыхан ағайға сөз кезегін береміз.

**Ақынның жырларына кезек береміз: Ортада 5-сынып оқушысы
Тұрабай Аяла**

Тұрмағамбет 1901 жылдан бастап үлкен ақын атанған болса, оның әдебиетке келуі Сыр үшін өзінше бір ояну кезеңі болды. Соның басында Тұрмағамбет тұрды. Сыр поэзиясы әр қилы жанрда өзгеше дамиды. Нысанбай, Жаңабержен, Балқы Базар, Рүстембек, Сәрсенбай, Молдахмет жыраулық салтында көрінсе, Нұртуған, Ерімбет қисса ақыны болып көрінеді. Қанды, Кете Жүсіптер, Нағым, Даңмұрындар өзінің толып жатқан шәкірттерімен айтыс поэзиясымен шұғылданады. Толғау, терме ақындары көбейеді. Осылардың бәріне ұстаздық жасаған, қиссалық әдебиетке жол салған ақын — Тұрмағамбет болған. Әңгіме айтушылар көбеюінде емес, Сыр бойында «түркізммен» ұштасқан, қазақтың жазба әдебиетінің келелі түрде туып, соның поэзия дариясына айналуында болған еді. Тұрмағамбет мектебіндегі ақындар қандай жанрда көрінбесін, бұрынғы фольклор стилін тастап, жазба

әдебиеттің шығысқа тән жаңа үлгісін жасайды. Бұл стильдің туын көтерген ақын Тұрмағамбет болса, соның жаңалығына түсінгендер Ерiмбет, Шораяқтың Омары, Дүр Оңғар сияқты келелі ақындар еді.

ВИДЕОРОЛИҚ Ақын өмірі мен шығармашылығы

Тұрмағамбет бір ғана эпопеялық жанр емес, толғау, терме поэзиясын да түгелдей жаңартып, өзгеше байытқан ақын. Оның толғаулары қаншама болса да, бір ұйқаспен бітеді. Осы ұйқасты Сыр бойында қолданбаған ақын кем. Жыраулар Тұрмағамбеттің әрбір толғауына ән - күй ойлап шығарған. Олай болса Сырдың поэзиясы ғана емес, ғажап музыкасын да Тұрмағамбетсіз түсіну қиын.

Ақынның жырларына кезек береміз 7-сынып оқушысы Күнбай Диана
Тұрмағамбетте аздаған айтыс өлендері де бар. Сыр бойында Тұрмағамбет стилін бастап қолданған ақын — Қаңлы Жүсіп болған еді. «Турки»деп аталатын бұл стиль Сыр айтыстарында классикалық дәрежеде көрінеді.. Тұрмағамбет толғауларын ел іші осы күнге дейін домбырамен айтады. Жастарды жақсы мінезге, халықты қадірлей білуге шақыратын бұл термелердің ғибраты ғажап. «Адамдық іс» деген термесі халық арасында сақталып, айтып жүр. «Алтау ала болса ауыздағы кетеді», деп бірлікті насихаттайды, «Кейбіреу сәл бақытқа мәс болады, шабақтай шалпылдаған қайрандағы» деген жерде ол болыс - билерді (1907) сынайды. Гуманист, ұстаз ақын өзінің алғашқы поэзиясында елді оқу, білімге шақырады, мансап қуғандарға ақыл айтады. Тұрмағамбет поэзиясында халықтық мазмұн терең болып келеді. Оның қадірін білем десеңіз халық ортасына барыңыз.

Ақынның жырларына кезек береміз 7-сынып оқушысы Райымбек Айшуақ

Жыр жампозы Тұрмағамбет Ізтілеуов артына тәлім - тәрбие, өнеге қалдырып, өсиеттік мәні бар ақыл - нақылдар жазған. Ақынның шығармалары да бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиесінде тәлімдік мәнге ие болып, халықтың игілігіне айналып келеді. Ол адамдардың ізгі мұратына үлгі - өнеге ретінде қызмет етеді. Ақын Тұрмағамбеттің «Тәлім» деген өлеңінде:

Аға деген ініні -

Жаным десе болады.

Ерін күткен әйелді -

Ханым десе болады.

Қызғалдақтай ұл - қызды,

Сәнім десе болады, - дейді.

Ақынның жырларына кезек береміз 5- сынып оқушысы Құлтаева Жанерке

Осы өлеңді оқыған әрбір жас жақсы қасиеттерді бойына сіңіруге ұмтылады.

Ақын өлеңде жүрекке жетерлік ой тастайды, жыр желісімен ғибраттық ой түйеді. Оқырман әрбір шығармасынан қорытынды шығарып, өзіне өнеге алады. Өлең адамдар арасындағы қарым - қатынас нормаларын насихаттауға құрылған.

Ақынның жырларына кезек береміз Сейітханов Дінімұхаммед

«Ақыл тән аңдағанға тозбайтұғын,
Ғылым кен күнде өніп, қоздайтұғын.

Иелік екеуіне еткендердің

Жаны жоқ жер жүзінде озбайтұғын», – деп ақынның өзі жырлағандай, мәдениет саласындағы шоқтығы биік асылдарымызды ардақтай білейік дегім келеді. Әдеби кешіміз осымен аяқталды. Келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет!

Көңілді үзіліс CHOCO DAY

Тәтті көңіл-күй күні 10.01-14.01.2025ж. аралығында мектебімізде ұстаздар мен оқушыларымызға керемет көңіл-күй сыйлау мақсатында мектеп парламентінің ұйымдастыруымен "CHOCO DAY" мектепішілік тәттілер акциясы өтті. Акцияның мақсаты – мектепте бірлік пен достық қарым-қатынасты қалыптастыру. "Choco Day" күні барлық мектеп оқушылары белсене қатысып, өз тәттілерін қорапқа салып, бір-бірлеріне керемет көңіл-күй сыйлады. Бұл іс-шара мектептегі жылы атмосфераны күшейтіп, достықты, түсіністік пен қолдауды нығайтуға үлкен септігін тигізді. Ұйымдастырушы: мектеп тәлімгері Н.Амангелдиева

#Біртұтастәрбие

#жасұлан_ұйымы

#сыр_тәлімгері



<https://www.facebook.com/share/v/1JmBTCKj39/?mibextid=wwXIfr>

Мектеп тәлімгері: Н.Амангелдиева

«Балалар әлеміндегі игі істер»

№113 Қаракөл орта мектепте «Балалар әлеміндегі игі істер» акциясы аясында "Жылы жүрек - жомарт қол" қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты: оқушы бойындағы адамгершілік қасиеттерді жетілдіру, дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу. Барлық жанға сүйіспеншілікпен қарап, қолғабыс беруге, үлкенге, кішіге үнемі қамқорлық жасауға баулу. Осыған орай, мектеп оқушыларын мектеп ауласын таза және мектептің әрбір затын ұқыпты ұстауға және қамқор болуға атсалысуға шақырамыз. Ұйымдастырушы: тәлімгер Н.Амангелдіева.

#Біртұтастәрбие

#ЖасҰлан

#Жақсылыққабірқадам



<https://www.facebook.com/share/v/25npvUaLma/?mibextid=wwXIfr>

Мектеп тәлімгері: Н.Амангелдіева

БАБАЛАР ҮНІ

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы №113 Қаракөл орта мектебінде 14.02.2025 ж күні сабақ арасындағы 15 минуттық үзілісте "Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы Жас Ұлан" Жас Ұлан ұйымының жылдық акциясы аясында "Бабалар үні" Абайдың өлеңдерін оқушылар жатқа айтып өз үлестерін қосты.

Мақсаты: Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай оқырмандарға ұлы баба ілімінің ақындығы, дарындылығы туралы білім беру.



#Асыл_Сөзді_Іздесең

#Абайды_Оқы_Жас_Ұлан

#Сыр_Ұланы

#Бабалар_Үні

#113_Қаракөл_орта_мектебі



<https://www.facebook.com/share/p/1B9yflHQnF2/?mibextid=wwXlfr>

Мектеп тәлімгері: Н.Амангелдиева

**Қармақшы ауданы «Жас ұлан» ББЖ ұйымының «Кітап оқы, ойға тоқы Жас Ұлан» акциясы бойынша
атқарылған жұмыстарының есебі**

№113 Қаракөл орта мектебі

Р/с	Атқарылған іс-шаралар саны, тақырыбы	Қатысқан оқушылар саны	Акция бойынша оқылған кітап саны, атауы	Акция бойынша үздіктер
1.	«Ақылды бейсенбі»	53	12 кітап Қажымұқан, Ақбілек, Ханзада, Жусан иісі, Әжемнің әңгімелері, Ай мен Айша, Том Сойердің басынан кешкендері, Шерлок Хомстың басынан кешкендері, Ханзада мен қайыршы, Жер-жаһан ертегілері, Мен жастарға сенемін, Абайдың қара сөздері Абай жолы	Бекболатқызы Т Төлеу Н Телқараева Н Бәкарам Ә Ықылас Б Мұзаппар А Қалдыбек Е Қалдыбек С
2.	«Оқуға құштар мектеп»	80	70	Тайжанова А Аманова А Жақашова Б Қанибек Е Күнбай Д Райымбек А Құлтаева Ж Тұрабай А